



«БЕКІТЕМІН»
КР ГЖБМ «Ұлттық тестілеу
орталығы» РМҚК директоры

Р.Т. Емелбаев

2023 ж.

**«Дәстүрлі орындаушылық өнер тарихы» пәні бойынша
Педагогтердің білімін бағалауға арналған
тест спецификациясы
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

1. Мақсаты: Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды атtestаттау барысында Ұлттық біліктілік тестілеуді өткізу.

2. Міндеті: Педагог қызметкерлердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

3. Тест мазмұны: «02150300 - Вокалдық өнер» мамандығы 4S02150302 - Дәстүрлі ән салу әртісі, балалар музыка мектебінің оқытушысы біліктілігі бойынша «Дәстүрлі орындаушылық өнер тарихы» пәнінен педагог қызметкерлерді атtestаттауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Қазақ халқының дәстүрлі, кәсіби әнжыр өнері	01	Кіріспе. Дәстүрлі әншілік өнер және оны таратушылар
		02	Қазақ халқының ән мұрасы. Ән мәдениетінің негізгі жанрлары
		03	Қазақ халқының жыршылық өнері, мектептері: Сыр, Маңғыстау, Жетісу
		04	Қара өлеңдер, олардың формасы, халық әндері
		05	Кәсіби әншілік өнер. Кәсіби деңгейдегі халық әндері
		06	Қазақ жеріндегі кәсіби әншілік мектептер. Арқа, Батыс, Жетісу әншілік мектептері
		07	Арқа әншілік дәстүрі. Алтай-Тарбағатай әншілік мектебі
02	XIX -XX ғ.ғ. кәсіби әншілік-жыршылық мектептердің қалыптастыруышы тұлғалар	08	Абай Құнанбайұлы, Біржан сал, Ақан сері шығармашылықтары Естай, Майра, Әсет шығармашылықтары
		09	Үкілі Ұбырай, Мәди, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Газиз, Шашубай, Иманжүсіп, Жарылғапберді шығармашылықтары
		10	Жетісу әншілік мектебінің ірі өкілдері Дәурен сал, Кенен, Жамбыл шығармашылықтары Қапез, Пішән, Бармақ, Сауытбек, Сәдіқожа, Қалқа, Әзімхан шығармашылықтары Жетісу жыр мектебі: Сүйінбай, Бақтыбай, Үмбетелі, Құлмамабет шығармашылықтары
		11	Батыс әншілік мектебі. Мұхит, Сары Батақұлы, Әли Құрманов, Фарифолла Құрманғалиев шығармашылықтары. Батыс терме-толғаулары. Сыпыра, Сартай шығармашылықтары
		12	Маңғыстау әндері мен жыр-термелері. «Жеті қайқы» өнері. Сүгір, Абыл, Нұрым, Қашаған шығармашылықтары
		13	Сыр өнірі жыршылық мектебі. Нұртуған, Тұрмаганбет,

		Жиенбай, Сәрсенбай жыраулар шығармашылықтары және олардың шәкірттері
	14	Қазақстандағы қазіргі заман дәстүрлі орындаушылық өнері және кейінгі дәстүрлі әнші-композиторларының шығармашылығы
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б)		

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Қазақ халқының дәстүрлі, кәсіби ән-жыр өнері

Дәстүрлі әншілік өнер және оны таратушылар. Дәстүрлі кәсіби әндер кемел құрылымымен, кең диапазон, күрделі ыргақ-иірімдерімен ерекшеленеді, сондықтан кәсіби әндерді, негізінен, арнайы ұстаз алдын көрген әншілер ғана орындаиды. Әуендік, орындаушылық, құрылымдық өзгешеліктеріне, орнығын, өрістеген өлкелеріне қарай дәстүрлі ән өнерінде, шартты түрде, бірнеше кәсіби әншілік дәстүрлер мен мектептер қалыптасты. Олар – Арқа, Жетісу, Батыс, Сыр және Алтай-Тарбағатай әншілік мектептері деп аталады. Кәсіби әндердің көбісі – жоғарғы регистрде айтылатын қаратпа әуен-сөздерден басталады.

Жыршылық өнер. Халық өміріндегі жырдың алар орны ерекше. Оның жіктелуі: батырлық, ғашықтық, тарихи жырлар. Формалары 7-8 және 11 буын болып келеді. Музыкалық-поэтикалық орындалуында белгілі мағына бар, яғни ел өміріндегі елеулі оқиғаларды тақырыпқа сай суреттейді. Кәсіби жыршылық өнер шығармашылығы атадан балаға жеткен ауыз әдебиетінің бір түрі. Жыршылық өнердегі «ұстаз-шәкірт» үрдісі, оның осы күндегі жалғастыры.

Қазақ халқының жыршылық өнері, мектептері. Ақын-жыраулар мектебі. Қазақ жерінде XV гасырда жыраулық мектеп қалыптасады. Жыраулар поэзиясы музыкамен тоғысады. Бұқар жырау, Асанқайғы, Қазтуған, Шалқиіз, Доспанбет, Махамбет шығармашылықтары сөзіміздің дәйегі.

XIX -XX ғ.ғ. кәсіби әншілік-жыршылық мектептерді қалыптастыруышы тұлғалар.

Абай Құнанбайұлы (1845-1904). Ақын, агартушы, ғұлама, философ, гуманист, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы. Композитор, қазақ қалалық демократиялық әнін шығарушы.

Біржан-сал Қожағұлұлы (1831-1894). Белгілі ақын, XIX ғ. кәсіби әнші-композитор, арқа әншілік мектебін қалаушыларының бірі. Өмірбаяны. Көкшетау обл., Еңбекшілдер ауд-на қарасты Қожағұл ауылында дүниеге келген. Халық композиторы, әнші, ақын. Тарихта Сарамен, Шөкемен айтысқан айтыстары жеткен.

Ақан сері Қорамсаұлы – 1843 кей деректерде 1834 жылды Көкшетау облысы, Айыртау ауданы, Қосқөл деген жерде дүниеге келген. Жастайынан ауыл молдасынан тәлім алған. Белгілі ақын, әнші. Белгілі шығармалары: «Балқадиша», «Сырымбет», «Кұлагер» және т.б.

Балуан Шолақ - 1864 жылды Ұлы жүздін Дулаттан тараған Сәмбет деген руынан, Сәмбет ішінде Баймырза деген кісіден туған. Оның азан шақырып қойған есімі Нұрмамбет, кейін қолының басы күйіп (біреулер үсіп дейді) саусақсыз қалады. Сөйтіп Шолақ атанады, ал «Балуан» сөзі Шолақтың күшіне байланысты халықтың өзінің қосқаны. Белгілі әнші, ақын, балуан. Шоқтығы биік шығармасы «Фалия» қызға арналған әні.

Жетісу әншілік мектебінің өкілдері. Жетісу әншілік мектебінің негізгі өкілдері Кенен Әзірбаев, Жамбыл Жабаев, Қапез Байғабылұлы, Сәдіқожа Мошанұлы және т.б.

Кенен Әзірбаев Жамбыл облысы, Қордай ауданы, осы күнгі Кенен атындағы колхоз тұрған жерде 1884 жылды туған. Әкесі Әзіrbай айтарлықтай өнерлі болмаса да, ауыл арасында ән салып, домбыра тарта білген. Кененнің әндері тұра Жетісу өнірінің табиғатының сұлулыға арналғандай әдемі, әуезді болып келеді.

Жетісу жыр мектебі. Жетісу жыршылық дәстүрі XIX гасырда аяғына нық тұрған төл дәстүрлеріміздің бірі. Бұл дәстүрдің негізін қалаған Қаблиса жырау, Сүйінбай, Жамбыл, Майкөт, Құлмамбет, Бақтыбай, Сарыбас, Бармак, Өмірзак, Үмбетәлі т.б. ақын-жыршылар.

Сүйінбай Аронұлы (1815-1898). Өмірбаяны. Шығармашылығына шолу. Оның кең тынысты эпикалық жырлары мен айтыстары ақындық даңқын шығарды. „Өтеген батыр”, „Жабай батыр”,

„Сұраншы батыр”, „Саурық батыр” атты толғау, жырларында халқымыздың ерлік күресін суреттеп, Сұраншы, Саурық сынды батырлардың бейнесін жасады.

Батыс әншілік мектебі. Батыстың кәсіби әндері әпикалық шығармалардың негізінде қалыптасқан. Бұл мектептің әндері батырлық, ерлік, елдік ұрандық сарынмен, төкпе қағыспен ерекшеленеді. Әндерінің әуендері фермата дыбысында негізделген. Яғни, жоғарғы дыбысты ұстап тұрып, тік шырқау арқылы. Батыс әншілік мектебін қалыптастырған Мұхит, Досат, Қиса, Аманғали, Аухат, Сары, Қызыл, Молдабай, Өтеғали, Сарышолақ, кейінгі алтын көпір болған Фарифолла Құрманғалиев болып табылады.

Мұхит Мерәлұлы (1841-1918). Батыс Қазақстан ән мәдениетінің белгілі өкілі. Өмірбаяны. бұрынғы Орал обл., Қаратөбе ауд., Ақбақай а. – 1918, сонда) – халық композиторы, әнші-акын, күйші-домбырашы.

Фарифолла Құрманғалиев 1909 жылы Орал облысы, Қаратөбе ауданы, Ақкөл деген жерде дүниеге келген. Әнге деген талпынысы Мұхиттың жолын қуған адамдарға жақындағаннан басталған. Шынтас пен Шайқымен кездесіп, шәкірт болған. Көптеген әндерді жеткізіп, өз жанынан да әндер шығарған.

Батыс терме-толғаулары. Батыс өлкесінің жыршылық мектебі бірнеше топқа бөлінеді. Жайық бойындағы термелер ойнақы, шырқата салынса, Маңғыстау жағында салмақты бір қалыпты мақамдармен орындалады. Ал бұлардан өзге Қарақалпақстан қазақтарының ішінде бөлек мектеп болып кеткен Наурызбек жыраудың дәстүрі аса күшті жігермен, жылдам ырғакта орындалады.

Сыр өңірінің жыршылық мектебі өз ішінде Арап, Қармақшы болып екі дәстүрге бөлінеді. Басқа өңірлерге қарағанда Сырдың жыр-термелерін көмейге салып айтады, және аспап сүйемелінде де, ішекті іліп отыратын өзгешеліктер бар.

Нұртуған Қенжегұлұлы 1887 жылы Арап ауданы, Аманөткел ауылы, Мырзабас мекенінде дүниеге келген. Атасы Еспембет сұрыпсалма ақын, әкесі Қенжегұл күйші, анасы Айсұлу шежіреші болған. Сауатын ауыл молдасынан ашып, кейін медреседе оқыған. Нұртуған Арап өңірінде «Нұртуған мектебі» аталатын жыршылық, ақындық өнер мектебін қалыптастырды.

Тұрмажамбет Іztілеуұлы 1982 жылы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында дүниеге келген. Алғаш Алдашбай ахуннан сауат ашқан, кейін Көкілташ медресесінде оқыған. Көптеген дастандардың авторы. Шығыстың мол мәдени мұраларын еркін оқыған.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қындығы: Тест тапсырмаларының қындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеууге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты тандауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмасын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындау ұзактығы орташа – 1,5-2 минут.

8. Бағалау: Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап тандалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Кәрменов Ж. Халық әндерімен халық композиторларының әндері. Алматы, 1991.
2. Кәрменов Ж. Қазақстан композиторларының әндері. Алматы, 2001.
3. Байгабурова К. Алматы: Аруна, 2004.
4. Аманов Б., Мухамбетова А. Казахская традиционная музыка и XX век. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002.
5. Турсунов Е.Д. Древнетюркский фольклор: истоки и становление. Казахстанские востоковедные исследования// Турсунов Е.Д. – Алматы: Драйк-Пресс, 2001.
6. Турсунов Е.Д. Истоки тюркского фольклора. Коркыт/ Е.Д. Турсунов. – Алматы: Драйк-Пресс, 2001.
7. Монголия қазақтарының халық әндері. - М.Х.Р. Баян-Өлгей, 1983.
8. Ақатаев С. Інжу маржан секілді.- Алматы, "Өнер", 1995.
9. Тұрмағамбетова Б.Ж. Қазақстанның батыс аймағының ән мәдениеті. Монография/ - Алматы «Тау самалы», 2009.-320 б.
10. Тұрмағамбетова Б.Ж. Ұлттық өнер- өміршеш қазына. Фылыми зерттемелер мен мақалалар.- Алматы 2013.-360 б.
11. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары.-Алматы, 2013.- «Драйк пресс». 2001. - 440 б.
12. Затаевич А.1000 песен казахского народа.М., 1963.
13. Затаевич А. 1000 песен и кюев казахского народа.-Алматы: «Драйк пресс», 2004.-132 б.
14. Медеубекұлы С., Мұптекеев Б. Жетісу әуендері – Алматы: «Өнер», 1998.-240 б.
15. Еңсегенұлы Т. «Сыр бойы ақын-жыраулары», Әдеби зерттеу – Алматы: «Білім» 2000, 243 б.
16. Алматов А., Тоқжан Т., «Көрүғлы», Алматы, Дайк-Пресс, 2008. - 292 б.
17. Мағаун М., Байділдаев М., «Ай, заман-ай, заман-ай», Алматы, 1991. - 384 б.
18. Алдашев Ш., «Базар Жырау шығармалары», Алматы, 1986, - 200 б.
19. Құрманғалиева М., «Әнімен елін тербеген», Алматы, 2010, - 432 б.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
Техникалық және қәсіптік
білім департаменті

Худайберген
(қолы) (Т.А.Ә)
«___» 2023 ж.

А.Ахметов *А.Ахметов* *А.Ахметов*
А.Ахметов *А.Ахметов* *А.Ахметов*